

# Мемлекеттік қызмет туралы заңдағы “А” және “Б” корпусы туралы



"А" корпусы – кадр резервіне іріктеудің, конкурстық іріктеудің, мемлекеттік қызметті өткеру мен тоқтатудың ерекше тәртібі, сондай-ақ арнайы біліктілік талаптары көзделген басқарушылық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдар;



# “А”-корпусына жататын лауазымдар

Мемлекеттік әкімшілік қызметші – Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өз қызметін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші;

Мемлекеттік саяси қызметші – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатқа ие, саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға жауаптылықта болатын мемлекеттік қызметші;

Тәлімгер – мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған мемлекеттік қызметшіге **бекітілетін**, оның кәсіби бейімделуіне практикалық көмек көрсететін мемлекеттік қызметші;

уәкілетті комиссия – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру, оны өткеру және тоқтату, сондай-ақ мемлекеттік органдарға шетелдік жұмыскерлерді **тарту** мәселелерін қарайтын комиссия, оның ережесі мен құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді;

"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резерві – "А" корпусының бос не уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткер Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылып, жүйеленген тізімі;

"Б" корпусы – "А" корпусына енгізілмеген мемлекеттік әкімшілік лауазымдар;